



жылға дейінгі Даму стратегиясын одан әрі іске асыру жөніндегі шаралар туралы" 2000 жылғы 17 ақпандағы N 344 Жарлығы "Азаматтардың денсаулығы, білімі мен игілігі" төртінші ұзақ мерзімді басымдық б ө л і г і н д е

Негізгі  
әзірлеуші

- Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігі, "Қазақстан

Республикасының Тағам институты" ЖАҚ

Мақсаты

- Республика халқының қажеттілігін йодпен толық қамтамасыз ету, йод жеткіліксіздігін азайту және организмде йодтың жетіспеушілігінен туындайтын аурулардың алдын алу

Міндеттері

- Бағдарламаның мақсатын іске асыру үшін мынадай міндеттерді шешу көзделеді:

- кез келген дәрежедегі аурулармен ауыратын мектеп жасындағы балалардың үлесін сирек кездесетін деңгейге дейін азайту;

- туа біткен гипотиреоздің жиілігін сирек кездесетін деңгейге дейін жеткізу;

- 2002 жылға дейін Қазақстанда барлық халықтың 90%-ының йодталған тұзды пайдалануына қол жеткізу

Бағдарламаны  
іске асырудың  
негізгі  
бағыттары

- халықты йодпен байытылған тамақ өнімдерімен қамтамасыз ету және Қазақстан Республикасы халқының арасында йод тапшылығынан науқастанудың таралуына және йодпен байытылған өнімдердің йодталу сапасына мониторинг жүйесін жасау.

Йодпен байытылған тамақ өнімдерін әзірлеу саласындағы нормативтік құқықтық кесімдерді жетілдіру және олардың орындалуына бақылауды күшейту. Бағдарламаны орындаушыларды және

Қаржыландыру көздері	<p>халықты бұқаралық ақпарат құралдары арқылы ғылыми-әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз ету</p> <p>- Бағдарламаны қаржылық қамтамасыз ету республикалық және жергілікті қаржы есебінен, тиісті жылы мемлекеттік органдарға бөлінген сомасы шегінде жүзеге асырылатын болады. Сонымен қатар халықаралық ұйымдар мен донор елдердің гранттары мен ресурстары есебінен техникалық және консультативтік көмек, йодпен байытылған тамақ өнімдерін өндірісінің қаражаттары желісі бойынша жүзеге асырылатын болады.</p>
Бағдарламаны іске асырудан күтілетін түпкі	<p>- Қазақстан Республикасы халқының арасында йод тапшылығынан науқастанды жою</p> <p>н ә т и ж е</p>
Іске асыру мерзімдері	- 2001-2005 жылдар

### **Кіріспе**

Қоршаған ортада йодтың жетіспеушілігіне байланысты аурулар Қазақстан Республикасы денсаулық сақтауының ең елеулі проблемаларының бірі болып табылады.

Топырақ пен суда йодтың тапшылығы және осының салдарынан жергілікті тамақ өнімдерінде оның жетіспеушілігі ұдайы йод жеткіліксіздігіне себеп болып, ақыл-ой дамуы мен бой өсуінің іркілісінен парасат коэффициентінің төмендеуі, гипотиреоз бен қалқанша безінің ұлғаюы (жемсау) сияқты науқастардың өскелең таралуына алып келеді. Йодтың жетіспеушілігі балаларда сәби кезінде меңіреулікке әкеліп соқтыратын қайтымсыз психикалық ауытқуды, ал жүкті әйелдерде - өздігінен түсік тастауды, өлі туудың артуын, ұрықтың туа біткен кемшіндігін, жасқа жетпей шетінеудің көбеюін тудыруы мүмкін. Сөйтіп, ұдайы йод жеткіліксіздігінің мәні оның салдарының халықтың, әсіресе балалар мен жасөспірімдердің денсаулығына елеулі түрде әсер ететін ауырлығымен айқындалады, сондай-ақ халықтың еңбек өнімділігінің төмендеуінен (еске сақтаудың нашарлауы, ақыл-ой коэффициентінің төмендеуі, жұқпалы дертке қарсы қорғаныш тетіктерінің әлсіреуі және т.б.) және мүгедектер, әсіресе бала кезінен мүгедек болғандар санының өсуінен көрінетін әлеуметтік-экономикалық

маңызды проблема болып табылады.

Йод тапшылығына байланысты аурулардың алдын алу оңай және оны дұрыс шешкен кезде йод тапшылығынан науқастанудың (ЙТН) алдын алуға әбден болады. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы мен ЮНИСЕФ бұл мәселеге ерекше назар аударып отыр, олар барлық елге йод тапшылығы жай-күйінің алдын алу жөніндегі іс-шаралар кешенін жүргізуді ұйымдастыруды ұсынды және 2005 жылға қарай бұл науқасты жою міндетін қойды.

### **1. Проблеманың қазіргі жай-күйін талдау**

Қазақстанның аумағының жартысында топырақта, суда және тамақ өнімдерінде йодтың жетіспеушілігі анықталып отыр, ал жемсау ошақтарының таралуы 14 облыстың 11-інде тіркелген. Жемсаудың таралуы Қазақстанның оңтүстігі мен шығысында асқынып тұр. Алайда, аудандастыруға негіз болған зерттеулердің 70-ші жылдардың деректері екендігін айта кету керек. Және егер, йод тапшылығынан науқастанудың таралуына және таралу шекарасының кеңеюіне әсер ететін экологиялық ахуалдың, әлеуметтік-тұрмыстық жағдайлардың соңғы жылдары нашарлағанын ескерсек, онда бұл деректер нақтылауды қажет етеді. Қазіргі кезде бұл зерттеулерді жекелеген ынтагерлер ғана жүргізуде. 1992-1993 жылдары қазақстандық, ресейлік, американдық ғалымдардың қатысуымен жүргізілген соңғы ірі зерттеудің деректері бойынша Қазақстанның оңтүстігінде туа біткен гипотиреоздің жоғары жиілігі (6-7%) байқалған, ол, әсіресе, жемсаумен ауыратын әйелдерден туылған балаларда көп кездеседі және 14%-дық елеулі деңгейге жеткен. ЮНИСЕФ сарапшыларының "Қазақстан Республикасындағы йод тапшылығына байланысты аурулар" құжатына (1994 ж.) және Алматы дәрігерлердің білімін жетілдіру институты эндокринология кафедрасы қызметкерлерінің деректеріне (1996 ж.) қарағанда Алматы қаласының ауруханаларында неонатальдық гипотиреоздің жиілігі 7,2%-ды құрайды. Бұл адам организмін йодпен қамтамасыз етудің тиімді бағдарламалары бар елдердегі неонатальдық гипотиреоз оқиғаларынан 150-300 есе көп. Шығыс Қазақстан облысы Марқакөл және Қатонқарағай аудандарының балалары арасындағы жемсаудың (көрінетін) таралуы 12-35%-ды, Оңтүстік Қазақстан облысы Кентау қаласының оқушылары арасында жемсаудың жалпы таралуы 26%-ды құрайды. Жемсаудың аталған аудандардағы ересек тұрғындар арасында таралуы 50-60%-ға жетеді. Мұндай жағдайды мемлекеттің мұқият қадағалауын, жедел де, тиімді алдын алу және емдеу іс-шараларын ұйымдастыруды қажет ететін ұлттық апат ретінде қарау қажет.

Республикада бұрын жүргізілген барлық балалар мен жүкті әйелдерге антиструмин беру, нанды йодтау сияқты йод тапшылығы жағдайының алдын алу жөніндегі шаралар қазір қаржыландырудың жеткіліксіздігіне байланысты іс жүзінде жүзеге асырылмайды. "Аралтұз" АҚ республиканың йодталған тұзға

бүкіл сұранысын қамтамасыз етуге қабілетті болса да, тұзды йодтау тек "Аралтұз" АҚ-да аз ғана мөлшерде жүзеге асырылады. Йодталған тұз өндіру көлемінің төмендеуі ішкі рынокта әртүрлі шағын кәсіпорындар шығаратын және басқа да елдерден әкелінетін йодталмаған тұздың ауқымды көлемінің болуымен түсіндіріледі.

Тұзды сақтау шарттары бұзылған, ұзақ сақтаған жағдайда ондағы йодтың мөлшері азаятындықтан, тек ас тұзын йодтау организмнің йодқа қажеттілігін толық қанағаттандыра алмайды. Қазіргі уақытта тұзды йодтаумен қатар басқа да йодпен байытылған тамақ өнімдері танылып отыр. Тамақ өнімдерін йодпен байытудың артықшылығы физиологиялық тәуліктік орташа қажеттілікті ескере отырып, йодтың организмге қосымша түсуін қажет ететін халықты барынша көбірек қамту тұрғысынан ақталады.

## **2. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері**

Бағдарламаның негізгі мақсаты республика халқының йодқа қажеттілігін толық қамтамасыз ету, йод жеткіліксіздігінің салдарларын азайту және организмде йод жетіспеушілігінен туындайтын аурулардың алдын алу болып табылады.

Бағдарламаның негізгі міндеттері:

- жемсауы кез келген дәрежедегі мектеп жасындағы балалардың үлесін сирек кездесетін деңгейге дейін төмендету;
- туа біткен гипотиреоздің жиілігін сирек кездесетін деңгейге дейін жеткізу;
- Қазақстанда өндірілетін әрі халық және ауыл шаруашылығы малдары тамаққа пайдалануға арналған тұз бен ашытқыны жаппай йодтауды 2002 жылға дейін қамтамасыз ету;
- барлық халықтың 90%-ының йодталған тұзды және ашытқыны тұтынуына қол жеткізу;
- физиологиялық тәуліктік орташа қажеттілікті ескере отырып, йодпен байытылған тамақ өнімдерінің өндірісіне ықпал жасау.

## **3. Бағдарламаның негізгі бағыттары мен іске асыру тетіктері**

1) Йод тапшылығынан науқастануды жоюдың жалпы мақсаты шеңберінде бақылаудың жақсы қалыптасқан және бәрін қамтитын жүйесінің маңызды мәні бар, сондықтан:

- йод жеткіліксіздігіне байланысты науқастануды мақсатты түрде жою бойынша мониторинг жүйесін белгілеу;
- йодталған тұз бен йодпен байытылған тамақ өнімдерінің сапасын оларды өндіру және сауда желілеріне сатуға түскен кезінде қазіргі заманғы әдістерді, оның ішінде талдаудың жедел әдістерін пайдалана отырып, бақылауды жүзеге

а с ы р у ;

- Қазақстан Республикасының халқы арасында йод тапшылығынан науқастанудың мониторингі жүйесін әзірлеу;

- әлеуметтік маркетингі (халықтың йодталған тұзды басым пайдалануы туралы білімдерді тарату, тағам жөніндегі ғалымдарды, мамандарды тарта отырып, педиатрлар, йодпен байытылған тамақ өнімдерін өндірушілер және т.б. үшін оқу курстары мен семинарлар ұйымдастыру, әртүрлі плакаттар, жарнамалар, буклеттер, әдістемелік ұсынымдар және т.б. дайындау) жүргізу;

- тұзды, ашытқыны және тамақ өнімдерін йодтау процесіне йодтың, тұзды, ашытқыны және тамақ өнімдерін сапалы буып-түюге арналған шикізаттың түрлі нысандарын сатып алу жөнінде халықаралық ұйымдармен келісімдер жасасу;

- халықты йодпен қамтамасыз ету мен йод тапшылығы ауруларын жоюға бағытталған халықаралық жобалар мен бағдарламаларды іске асыру жөніндегі халықаралық ұйымдардың жұмысына қатысу;

- халықаралық заңнаманың осы проблема жөніндегі практикасын зерделеу, қорыту және пайдалану қажет.

2) Қазақстан Республикасының йодпен байытылған тамақ өнімдері жөніндегі қолданылып жүрген нормативтік техникалық құжаттамасын әзірлеу және халықаралық нормалармен сәйкес келтіру.

3) Бағдарламаны орта мерзімді перспективада кадрлық, ғылыми-әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз ету тұз, ашытқы мен тамақ өнімдерін өндірушілерді йодтаудың қажеттілігі туралы, йод жетіспеушілігінің балалардың ақыл-ой дамуына зиянды әсер ететіндігі туралы ақпараттандыруды, халықты тағамдағы йод тапшылығының қауіптілігі және мамандарды тарта отырып бұқаралық ақпарат құралдары арқылы алдын алу шаралары туралы міндетті түрде хабарландыруды қамтитын бірқатар іс-шаралардың іске асырылуын көздейді. Қазақстан аймақтарында йодталған тамақ өнімдерін қолдану және бағдарламаның тиімділігін бағалау арқылы йод тапшылығы ауруларының алдын алу бойынша отандық және шетелдік озық тәжірибені тарату.

Бағдарламаны орындаушыларды бағалау мен мониторингтің жаңа әдістеріне халықаралық ұйымдар арқылы (келісім бойынша) оқыту мүмкіндігін көздеу.

#### **4. Бағдарламаны қаржылық қамтамасыз ету**

Бағдарламаны қаржылық қамтамасыз ету республикалық және жергілікті қаржы есебінен, тиісті жылы мемлекеттік органдарға бөлінген сомасы шегінде жүзеге асырылатын болады. Сонымен қатар халықаралық ұйымдар мен донор елдердің гранттары мен ресурстары есебінен техникалық және консультативтік көмек, йодпен байытылған тамақ өнімдері өндірісінің қаражаттары желісі бойынша жүзеге асырылатын болады.

#### **5. Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтиже**

Бағдарламаны қабылдау мен іске асырудың әлеуметтік-экономикалық тиімділігі халықтың сырқаттануын азайтудан, қайтыс болуды қысқартудан, сондай-ақ физиологиялық нормаларға сәйкес организмді йодпен байытуға байланысты халықтың парасат деңгейін елеулі түрде арттырудан тұрады.

### 6. Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

N P \ c	Іс-шараның атауы дері шылар	Аяқтау нысаны	Орындау мерзім.	Жауапты орындау.
1	Тұз, ашытқы өндіретін кәсіпорындарды тұзды, ашытқыны йодтауға арналған қазіргі	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	2001-2002 ж.ж.	ДСА, тұз, ашытқы өндірулер (келісім бойынша)
	қабылдау	з а м а н ғ ы ж а б д ы қ т а у ғ а	а п п а р а т т а р м е н ш а р а л а р	
2	Йодпен байытылған тұзды, ашытқыны және тағам өнімдерін йодтаудың жұмыс істеп тұрған технологиясын йодтың әртүрлі	Йодтың әртүрлі нысандарын қолдану жөнін. дегі норматив. тік-техникалық құжаттама нысандарын арқылы жөніндегі	2002 ж.	ДСА, ЭСМ, йодпен байытылған тұзды және ашытқыны, тамақ өнімдерін өндірушілер (келісім бойынша) пайдалану жетілдіру шараларды
	қабылдау			
3	Бақылаушы органдарды йодпен байытылған тұздағы, ашытқыдағы	Бұйрық және тамақ йодты анықтауға жедел құралдармен реактивтермен	2001-2002 ж.ж.	ДСА, ЭСМ арналған және қамтамасыз
	ету			
4	Йодталған тұзды, ашытқыны, йодпен байытылған басқа да тамақ өнімдерін сапалы қаптамамен қамтамасыз	Қазіргі заманғы талаптарды ескерген норма. тивтік-техни. калық құжаттама	2002 ж.	ДСА, ЭСМ, йодпен байытылған тұзды, ашытқыны және тағам өнімдерін өндірушілер

ету жөнінде шаралар (келісім бойынша)

қабылдау; йодталған  
тұзда, ашытқыда және  
йодпен байытылған  
тамақ өнімдерінде  
йодтың сақталуы үшін  
оларды тасымалдау мен  
сақтаудың шарттарын

дұрыс орындау

- 5 Йод тапшылығынан Бұйрық 2002- ДСА  
науқастанудан зардап 2005  
шегетін адамдарды ж.ж.  
ішінара (балалар, бала  
туу жасындағы әйелдер)

тексеруді ұйымдастыру

- 6 Азық-түліктерді йодтау Бұйрық 2002 ж. ДСА  
сапасының мониторингін бастап  
ұйымдастыру және (жылына  
жүргізу бір рет)

- 7 Биологиялық монито. Бұйрық 2002- ДСА, "ҚР Тағам  
рингті (зәрмен 2005 институты" ЖАҚ  
йодтың шығарылуы ж.ж. (келісім бойынша)  
арқылы халықтың (үш  
йодпен қамтамасыз жылда  
етілуін бағалау) бір рет)  
ұйымдастыру және

жүргізу

- 8 Тағамда йодтың бұқаралық 2002- ДСА, "ҚР Тағам  
жеткіліксіздігінің теріс ақпарат 2005 институты" ЖАҚ  
әсері және олардың алдын кұралдарына ж.ж. (келісім бойынша),  
алу шаралары туралы ақпарат СӨСҚ ҒО,  
бұқаралық ақпарат МАКМ  
кұралдары арқылы халыққа  
ақпарат беру және ол

туралы ілімді тарату

- 9 Йод тапшылығының бұқаралық 2002- ДСА, "ҚР Тағам  
проблемалары және ақпарат 2005 институты" ЖАҚ  
олардың алдын алу кұралдарына ж.ж. (келісім бойынша),  
шаралары туралы ілімді ақпарат СӨСҚ ҒО



медицина қызметкерлері  
арасында тарату,  
жарнамалар, плакаттар,  
буклеттер, әдістемелік  
ұсынымдарды дайындау

және т.б.

10 Халықаралық ұйымдар Бірлескен 2002- ДСА, халықаралық  
арқылы жаңа бағалау келісім 2005 ұйымдар (келісім  
әдістеріне және ж.ж. бойынша)  
мониторингке үйрету

мүмкіндіктерін көздеу

11 Медициналық оқу Бұйрық 2002 ж. ДСА, "ҚР Тағам  
орындарында мамандарды институты" ЖАҚ  
даярлау бағдарламасына (келісім бойынша)  
йод тапшылығының алдын  
алудың және бақылау  
әдістерінің мәселелерін  
енгізу